

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Мағыналы сапар, маңызды келісім

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Нью-Йоркке сапары барысында бірқатар компания басшысымен кездесіп, маңызды келісімдерге қол жеткізді.

Атап айтқанда, Президент «Mastercard» компаниясының атқарушы вице-президенті Никола Вилланы қабылдады. Кездесу барысында қаржы секторын, IT саласын дамыту, сондай-ақ шағын және орта бизнестің цифрлық құзыретін арттыру бағыттарындағы ынтымақтастықтың келешегі талқыланды. Бұл компания ТМД-дағы, Орталық және Шығыс Еуропадағы консалтингтік бағытты дамыту үшін Алматы қаласын өңірлік хаб ретінде таңдап отыр. Сондай-ақ Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен «Mastercard» компаниясы арасында осы және өзге де бастамалар қамтылған «Digital Country Partnership» (DCP) негіздемелік келісіміне қол қойылды.

«Mastercard» – әлемнің 210 еліндегі 2,3 миллиардтан астам тұтынушыны бірыңғай төлем жүйесіне қосқан жаһандық жетекші технологиялық компания. Нарықтағы құны 390 млрд доллардан асатын «Mastercard» әлемдегі ең қымбат 10 брендтің қатарына кіреді.

Кездесуден кейін Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин Мемлекет басшысының «Mastercard» компаниясының атқарушы вице-президентімен өткізген кездесуінің нәтижесі жөнінде пікір білдірді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында елді цифрландыруды, IT саласын дамытуды, Қазақстанды IT мемлекетке айналдыруды нақты тапсырды. Бүгін «Mastercard»-пен кездесу аясында аталған компаниямен бірлесіп, «Digital Country Partnership» деген құжатқа қол қойдық. Оның қандай артықшылығы бар? Елімізге қандай серпін береді? Біріншіден, «Mastercard» – өте үлкен, ірі диджитал цифрлық компания. Олар Қазақстанды дүниежүзіндегі мемлекеттердің ішінен үшінші орын ретінде аумақтық, өңірлік хаб ретінде таңдап отыр. Яғни Алматыда цифрлық өнімдерді дамыту және басқа елдерге тарату бойынша аймақтық хаб құрады», деді министр.

Ведомство басшысының айтуынша, электронды үкімет және басқа да IT өнімдерімізді шетелдерге тарату, цифрландыруды насихаттау «Mastercard» платформасы арқылы жүргізіледі. «Басқа да бағыттарға келісімдерге қол жеткіздік. Мысалы, «Mastercard» ұлттық төлемдерді қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар бизнестерді цифрландыру бойынша консалтинг құруға атсалысады. Бұдан бөлек, цифрландыруды әрі қарай ілгерілетуге қолұшын созады», деді Б.Мусин.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Amazon» корпорациясының вице-президенті Сьюзан Пойнтермен кездесті. Келіссөздер кезінде «бұлтты» технологияларды дамытуға және дата-

орталықтар құрылысына қатысты өзара тиімді ынтымақтастықтың мүмкіндіктері талқыланды.

Кездесу аясында Қазақстанның Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі («ҰАТ» АҚ) мен «Amazon Web Services» арасында «Outpost» «бұлтты» технология шешімін сатып алу және оны «QazTech» платформасымен интеграциялау жөніндегі пилоттық жобаны іске қосу туралы келісімге қол қойылды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусиннің айтуынша, аталған бұлтты технология eGov-тың бірқатар қызметінің жұмысын жетілдіруге қолданылмақ.

«Президентіміз «Amazon web services» компаниясының басшылығымен кездесті. Онда бұлттық технологияның, IT саласының және цифрландыруды дамытудағы мәселелер талқыланды. Нақты айта кетсек, елімізге Amazon web services-дің Outpost деген шешімі қазақстандықтық eGov қызметінің бірқатар қызметін бұлттық технологиялар аясында жүргізу талқыланды. Келісімшартқа қол жеткіздік. Яғни бүгіннен бастап «Amazon web services» технологиялары біздің eGov бірнеше қызметінде пайдаланылады», деді Б.Мусин.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «GE Healthcare» компаниясының Еуропа, Таяу Шығыс және Африка бойынша президенті Роб Уолтонмен кездесті.

«GE Healthcare» компаниясының әлемнің 140-тан астам елінде өкілдігі бар. 2022 жылы компанияның таза табысы – 19 млрд доллар. Ал нарықтағы құны 34,5 млрд долларды құрады. Кездесу аясында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «GE Healthcare» арасында «GE Healthcare» компаниясының инвестициялық жобасын жүзеге асыруға қатысты негізгі шарттар туралы негіздемелік келісімге қол қойылды.

Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинияттың сөзіне сүйенсек, Астана медициналық университеті базасында «GE Healthcare» академиясы ашылмақ. Сондай-ақ ультрадыбыс аппараттары өндірісінің жергілікті үлесін арттыру және алдағы уақытта компьютерлік томография, ангиография және маммография құрылғыларын шығару жоспарланған.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың денсаулық сақтау саласына инвестиция тарту, отандық өндірісті дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, бүгін америкалық «GE Healthcare» компаниясымен үлкен келісімге қол қойылды. Аталған компания – дүниежүзінде медициналық аппараттар, құрал-жабдықтар шығаратын ең үздік жетекші кәсіпорынның бірі. Жүз жылдық тәжірибесі бар. Бүкіл дүниежүзінің медициналық ұйымдарын аппараттармен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етеді.

Елімізде де медициналық мекемелерде дәрігерлер осындай аппараттармен жұмыс істейді. Кейінгі 10 жылда үш мыңға жуық құрал-жабдық сатып алынды. Елімізде 80-ге жуық өндірушінің әртүрлі құрал-жабдық аппараттары тіркелген. Бұл үлкен келісім бойынша, елімізде үлкен аппараттар, әсіресе ультрадыбыстық аппараттар, компьютерлік

томограф аппараттары өндірілмек. Сонымен қатар оларды жөндейтін сервистік қызмет орталығы жұмыс істейді. Бұған қоса, GE академиясы ашылып, медициналық қызметкерлер, биоинженерлер дайындалып, еліміздің кадр әлеуеті көтеріледі. GE компаниясымен бірге медицина саласынадғы әртүрлі диагностикалық аппараттардың барлық суреттері жиналып, үлкен ұлттық архив жасалынады. Әрі қарай денсаулық сақтау саласында диагностиканы жақсартатын жоба қарастырылып жатыр. Бұл келісімнің аясында елімізге келетін инвестицияның көлемі 60 млн долларды құрайды. Келісім бойынша жасалған жұмыс денсаулық сақтау саласын әрі қарай деңгейін көтереді», деді А.Ғиният.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ